

грамотность обучающегося, творческие конкурсы и проекты для самореализации познавательного и творческого потенциала обучающегося.

При формировании практических умений и навыков на уроках профессионального иностранного языка задания выбирается соответственно требованиям учебной программы. Оно должно быть им по силам с точки зрения их физической и интеллектуальной подготовки [4, с. 25].

На заключительной части урока, проблемные задания должны носить обобщающий характер, направлять деятельность учащихся на формирование выводов по вопросам изучаемой темы.

Проверять результаты практической работы лучше вместе с учащимися. Во время обсуждения общих недочетов в изучении темы следует использовать проблемные задания. Дав учащемуся возможность защищать свою работу перед группой, преподаватель поддерживает активность всех ребят. В конце урока преподаватель должен подвести итог: указать, достигнута ли цель урока, отметить наиболее активных учеников и обратить внимание на недочеты в работе тех, кто был пассивен.

Хотим отметить кропотливую работу преподавателей и мастеров производственного обучения со студентами, что дает хорошие результаты. Постоянно повышается их уровень учебной мотивации, раскрываются их творческие способности, вырабатывается положительное отношение к будущей профессии.

### Список литературы

1. **Г.С. Банч**, 10 ключевых пунктов успешной инклюзии/ М., 2010. – 50-56 с.
2. **Т.А. Грузинова**, Дети с ограниченными возможностями: мифы, реальность/ М., 1999, 59 с.
3. **Е.Н. Брешенкова, А.И. Кардашина**, Школа, открытая для всех/ ТОСБС, Т., 2016, 24 с.
4. **Закон Республики Казахстан Об образовании**, от 27 июля 2007 года № 319-ІІ-3, 25 с.

ӘОЖ 37.01

### Ы.АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕР

*Сапармуратова Г. Т. – тарих ғылымының магистрі, тарих пәнінің мұғалімі, №87 А.Назарбеков атындағы ЖОБМ, Шымкент қаласы.*

*Бұл ғылыми жұмыста қазақ халқының ағартушысы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің тәрбиелік мәні зор әдістемелік еңбектері, өлеңдері мен әңгімелері зерттелген. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесімен салыстырылып талданды.*

*Кілт сөздер: рухани құндылық, ұлт болмысы, ұлттық тәрбие, дәстүр, мәдениет, ғылым, ағартушы, ұлттық сана, өркениет, әдебиет.*

Еліміздің тәуелсіздігі мен бірге жасап, азаматтық қоғам дамуда. Уақыт ағымымен адамдардың құндылық туралы түсінігі де өзгеріп, халқымыздың тәуелсіз санасы қалыптаса бастады. Бұл ретте ел басшысының ұстанған бағыты мен алға қойған жоспарлы мақсаты мемлекет дамуының бет-бейнесін айқындап береді. Қазіргі уақытта азат ойлы, еркін көзқарасты, шығармашыл қабылетін жарыққа шығара алатын, тіпті, өз ойлары туралы да ойлана білетін, бәсекеге қабылетті, ізденімпаз жеке тұлғаның, саналы жас ұрпақтың бәсі биік, сұранысқа ие болып отыр. Президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай: «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидатын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға атсалысу» болмақ [1].

Заман талабына сай еліміздегі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге бет бұрып, дамудың жаңа сатысына қадам басты. Бұл бағыттағы басты меже – рухани құндылықтарды бойына сіңірген халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, ұлт сапасын арттыру. Мұның өзі жас ұрпақты білімге қызықтырып, ғылымға ынтық етуде көркем әдебиеттің қуатты күшін пайдалану, ұлттық тәрбиеге ден қойып, рухы биік, намысы өр, азат ойлы тұлға тәрбиелейтін ұлт ұстазы – ата-баба тағылымын, ұлттық педагогиканы қайта жаңғырту болмақ. Өткеніңнен қол үзбей, ұлттық дәстүрмен астасқан дүниетаным мен құндылықтар жүйесін бір сәт те естен шығармай, үнемі насихаттап, ғасырларға жалғасқан тарихи таным тізбегіне жалғану. Әйгілі француз жазушысы Оноре де Бальзак: «Адамның, әсіресе өнер адамының қиял қуатының бай немесе жұтаң болуы оның бала кезінде алған әсеріне байланысты», – деген тоқтамға келген екен. Ата-бабамыздан қалған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» деген өнеге де осыны меңзеп тұр.

Ағартушылық қызметі арқылы қазақ тарихында тұңғыш педагогикалық ой-пікірдің негізін қалап, жалпы және кәсіби білімнің дамуына жол ашқан ағартушы-педагог, жазушы-этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көрініс тапқан ұлттық негіздерді зерттеу үшін оның жалындаған жастық шағы мен өсиет айдынында жүздірген балалық бал дәуреніне, бойына

сіңірген тәлім-тәрбие бастауларына тоқталмай өте алмаймыз. Шыр етіп дүниеге келген кезінен ұлағатты тәрбиені бойына сіңіріп, өзінің даралығын таныта алған кез келген тұлғаның өмір жолы мен абыройлы еңбегіне, шығармашылық табысының түпнегізіне үңілгенде тереңге тартылған тарихи тізбекке жалғанамыз. Бұл туралы кеңірек тоқталу үшін аты аңызға айналған батыр бабамыз Б.Момышұлының естелігін келтірсек түсініктірек болмақ. Баламен бірге өткізген әрбір уақыт, онымен бірге жаттаған әрбір өлең-тақпақ, жұмбақ-жаңылтпаш, ертегі-аңыз, қисса-жырлар жарқын болашақтың кепілі бола алады. Себебі жас кезінде берілген ұлттық тәрбие кейінгі өмірде кездескен бүкіл ұстаздың тәлімінен артық болатынын Бауыржан Момышұлы атамыз өзінің «Ұшқан ұя» еңбегінде айтып өткен болатын: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді... Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанымен, солардың бірде-бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем, ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес» [2,22], – дейді.

Бала естігенін ойына тоқып, өсиет айдынында жүзе алуы үшін тәлімгердің ерекше ышық-махаббатпен, ынта-ықыласпен айтуы да маңызды болса керек. Әйтпесе, Бауыржан Момышұлының өмір жолында кездескен ұстаздарын осал деуге келе қоймас, бірақ өмір шындығы ата-анасы мен ата-әжесінің бәсін арттырып, бұл ақиқатты дәлелдеп берген. Дүние тарихы мен жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлыестіген алғашқы әңгімелері мен адамзат қауымының қалыптасуы туралы Қызтумас әжесінен алған тұңғыш мағлұматты ешқашан ұмыта алмаған. Әлемнің пайда болуы, тіршіліктің дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы шынайы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан; ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді деп еске алады батыр атамыз. «Әрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін, әке әңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін орындай бермейтінмін... Ол кезде мені қызықтыратыны ертегі-аңыздардың ғажайып оқиғалары еді.. Енді міне есейіп, ер ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани бергем екем ғой...» [2,23] – деп қорытады.

Азаматтық ұстанымы айқын, бүкіл саналы ғұмырын қазақ баласын сауаттандырамын деп мектеп ашып, бала оқытып, өзі іргесін қалаған білім ордасына арнап оқу құралдары мен әдістемелік оқулықтар жазуға арнаған Ыбырай Алтынсариннің қайраткерлік, қаламгерлік тұлғасының кейбір қырлары Б.Момыш-ұлының батыр бейнесімен астасып жатады. Екеуінің де тәрбие бастаулары ұқсас, әкесі не атасы дін жолын ұстанған тақуа жандар болған. Ы.Алтынсарин өмірбаянында айтылғандай, әкесінен ерте айрылғанымен атасы Балғожа бидің тәлім-тәрбиесі бүкіл өміріне жетерлік өнеге беріп кеткендей. Және ол темірқазықтай желі тартып, бүкіл шығармаларына ұлттық реңк беріп, бүгінге дейін жалғасып келеді.

Бұл туралы көрнекті қаламгер Таласбек Әсемқұлов былай дейді: «Адамның тәрбиесі шыр етіп дүниеге келгеннен басталады. Әуелі отбасы-ошақ қасы тәрбиесі, содан соң мектеп тәрбиесі, содан кейін азаматтық өмір... осылай кете береді. Алаш қайраткерлерінің өмірбаянын оқығанда «алғашқы білімді ауыл молласынан алды» деп келетін елеусіз ғана мәліметті талай рет көзіңіз шалған шығар. Солай болған. Адам әуелі діни тәрбие алуы керек. Алаштың арыстарына бала кездерінде иманның, ұят-аят, ар, кісіліктің әліппесін үйреткен, көбінің аты белгісіз қарапайым ауыл молдалары еді», – деп ұлттық тәрбиенің шынайы сипатын ашады [3,7].

Сөзіміз дәлелді болуы үшін 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметінің оқу комиссары болған Ахмет Байтұрсынұлы елді сауаттандыру ісіне молдаларды пайдаланған деген деректі пайдалануға болады. Бұл ретте елдегі сауатты адамдардың аздығынан гөрі дін өкілдерінің қоғамдағы беделіне басымдық берілген. Абай хакім өз жырларын: «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» деп бастаса, Ыбырай Алтынсарин де жастарды оқу-білімге: «Бір құдайға сыйынып, кел балалар, оқылық!» – деп шақырады. Сондай-ақ алаштанушы-ғалым А.Ісмақованың пікірінше, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы әр мақаласы мен кітабын «Бисмиллахи-рахмани-рахим» деп бастап отырған. Бұдан шығар қорытынды, бала кезінен бойына сіңген ұлттық тәрбие мен иман байлығы дара тұлғалардың бүкіл адамдық болмысын ашып, өзіндік өнеге жолын қалыптастырады. Бала кезінен мән-мағыналы ортада тәрбиеленіп, рухани әңгімеге қанып өскен, таза қоғамдық сана құндылықтарын тұла бойына дарытқан бала Ыбырай күллі қазақ даласына күміс қоңырауды сыңғырлатып, алғашқы білім ордасының есігін ашқан ұлы ұстаз болып танылды.

Ыбырайдың азаматтық болмысының тұлғалануына анасы Айманның (кей деректерде Аймен) да сіңірген еңбегі ерекше болған. Анасы арғын руының Шеген есімді беделді биінің қызы, өте сауатты, көптеген халық ертегілері мен әндерін білетін. Бала Ыбырайға жастайынан халық әндері мен ертегілерін үйретіп, санасына құндылықтың дәнін егіп, елі үшін еңбек еткен арда азамат болып қалыптасуына зор үлесін қосты [4].

Қазақ тарихында мұндай мысалдар жетерлік. Абайдың әжесі Зере, Шоқанның әжесі Айғаным, сондай-ақ кешегі кеңес заманында өмір сүрсе де «Толағайдай» дастан жазып халық жадында сақтал-

ған аңыздық сарындарды тірілтіп «Жырдария» атанған Әбілда Тәжібаевтың бойындағы тереңдік пен қайсарлық, тілге шешен, ойға жүйріктік, сырлы да сырбаз жырлардың тууына не себеп болды деп, өмірбаянына көз жүгіртсек, қазақтың кәусар бұлағы – ауыз әдебиеті мен қисса-жырлармен сусындаған анасының тәрбиесіне кез боламыз. Анасы Айманкүл жастайынан медресе оқып, арабша, парсыша сауатты болған, шағатай тілінде (ескіше қазақша) жазылған қолжазбалар мен діни әдебиеттерді бойына молынан сіңіріп, баға жетпес алтын қазынасын жастайынан баласының санасына құйып өсірген екен. Нағашы атасы Далдабай анасы Айманкүлді жеті жасынан бастап, арнайы Бұқардан келген молдаға оқытып, сауатын аштырыпты. Анасы жас кезінде Нартай сынды ақындармен айтысқа түскен шынайы ақын болған жан екен. Әбілда жас кезінде әкесінен ерте айрылса да, анасы Айманкүлдің арқасында ұшан-теңіз байлық, дәстүрі үзілмеген дархан әдебиет, қымбат қазынадан молынан сусындап өсіпті [5,8].

Тұлғалар өміріндегі ұқсастық, тәрбие бастауларының бірегейлігі олардың бүкіл өміріне шамшырағын жағып көшбасшылық бейнесінің, мәнді сөзбен емдейтін адам жанының шипагері, әр сөзіне кие дарыған өсиет-өнеге иесі етіп қалыптастырды. Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырған себебіміз, қазіргідей әлемді жаһандандудың жаңғырығы жайлап, түрлі алпауыт өркениеттер қақтығысында жұтылып кету қаупінің аз-ақ алдында тұрған кезде ұлттық рухымызды күшейтіп, тарихи жадымызды ояту – рухани жаңғырудың, ұлттық санамызды жаңғыртудың бірден-бір кепілі. Бабалардан бізге жеткен ұрпақ сабақтастығы, қазақ қайраткерлері мен ұлттық мүдде үшін аянбай күрескен қайсар рухты тұлғалардың өнеге мектебі бізге үлгі болуы керек. Оларды тәрбиелеген аталар мектебі, аналар мектебі – бүгінгі ұрпағымызға үлгі болар таптырмас тәжірибе алаңы. Жас кезінен санасына құйылған мұндай құндылық дәнегі мағыналы өлең-жырлар мен ғибратты әңгімелер, қайраткерлік істер болып тоқтаусыз өз жемісін беруде.

Бұл туралы танымал америкалық журналист, редактор әрі жазушы, бала тәрбиесі тақырыбында көптеген еңбектердің авторы Пол Тафтың зертеулерін мысалға алуға болады. «Балам жетістікке жетсін десеңіз оның мінезін шыңдаңыз, ізденгіш әрі ұстамды етіп тәрбиелеңіз» деген кітабы 2012 жылы жарық көрсе де, әлемнің 27 тіліне аударылған. 2020 жылы «Мазмұндама» баспасының «Оқуға тиіс 10 кітап» жобасымен «Тәрбие» жинағының ішінде қысқаша мазмұны қазақ тіліне де аударылды. Мұнда не дейді, баланың академиялық үлгерімін жақсартуға, яғни көркем жазуға машықтануға, спортпен шұғылдануға, есепті жылдам шығаруға қажетті дағдылар қалыптастырудан гөрі табандылық, ұстамдылық, жігерлілік, әлеуметтік интеллект, ризашылық, оптимизм, ізденгіштік қасиеттерін сіңіріп тұлғалық мінез қалыптастырыңыз дейді: «Сөзінің дәлелі ретінде автор мынадай мысал келтіреді. 1960 жылдың аяғында Стэнфорд университетінің профессоры Уолтер Мишель балалардың ерік-жігері мен шыдамдылығын тексеру үшін ғылыми сынақ өткізеді. Балаларды үстел үстіне отырғызып, алдына бір-бір зефир қойып: «Егер мыналарды тезірек жегілерің келсе, жей беріңдер. Ал егер менің келгенімді күтсеңдер, біреуінің орнына екі зефир беремін», – деді де, бөлмеден шығып кетті.

Содан жиырма жылдан аса уақыт өткенде тәжірибеге қатысқан балаларды қайтадан бақылап көрген профессор, кезінде 15 минут шыдамдылық танытып, зефирді жет қоймақ күткен балалар шыдамсыз балалармен салыстырғанда, өмірде әлдеқайда көп жетістікке жеткендігін білді. Бұдан шығатын қорытынды біреу – баланың болашағы оның мінезіне байланысты» [6,97-98].

Осы жерде Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін мысалға келтіруге болады. Автордың айтайын дегені де баланы рақатты соңынан күтетін табандылыққа тәрбиелеңіз деген ой. «Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құры қаласың» [7,24], – деп түйіндейді. Яғни, бала әкесін тыңдап рақатты кейінге ысыра білгенінде жамансынып бір рет еңкейіп алуға ерінген ескі тағаға алынған бір табақ шие үшін жерге он рет иілмес еді. Жоғарыдағы Пол Тафтың еңбегінде келтірілген тәжірибеде тура осы мәселе айтылып тұр: тәтті зефирді бірден жеуден өзін тежеп, соңын күте білген бала болашақ өмірінде көптеген жетістікке қол жеткізеді. Ал «Әке мен бала» мысалындағыдай бәрі бірден бола салу керек деп шыдам мен төзім танытып, еңбектенуге ерінетін бала өмірден тынымсыз таяқ жеп, бір жұмысын он жұмыс етіп шаршайды. Кейде қажетсіз болып көрінген кейбір әрекетіміз болашақта өз жемісін беретінін ұмытпауымыз керек. Бала тәрбиелеу ісін ұтымды ұйымдастыра біліп, оның бойынан тез ұмытылатын дағдыларды емес, өмірлік болмысына сіңетін тұлғалық мінез қалыптастыруға тырысыңыз деген ойды ұқтырады.

Әсілінде, бала бойына алдымен құндылық па, әлде құрал дарыту керек пе деген талас психологтар арасында қызу талданып, өз нәтижелерін де көрсетуде. Мәселен, балам тез дамысын деген ниетпен түрлі курстар мен үйірмелерге беруіміз, оның тез жаттау, тез есеп шығару, робототехника жаңалықтары мен менталды арифметика ережелерін бойына сіңіруі балаға құндылық болып дарымайды, өмір сүруге қажетті құрал ғана. Оның уақыт өте келе ескіріп, естен шығатынын да ұмытпауымыз керек. Ал баланың бойына даналықтың дәнегін егіп, Балқожа би мен Құнанбай қажы секілді, Айғаным мен Зере, Қызтумас әжелер секілді, Айман мен Айманкүл аналар секілді кеудесін хикметке толтырсақ, Абай, Ыбырай, Шоқан, Әбілда, Бауыржан секілді дара тұлғалар қалыптасары хақ.

Ыбырайдың әдеп, қанағат, әділдік, талап, жомарттық, адалдық сияқты көркем мінез қалыптастырып, тәкаппарлық, надандық, өтірік, ақымақтық, сараңдық пен салақтық сияқты жаман мінезден арылуға үндейтін шығармалары жетерлік. Мәселен, «Әдеп» атты әңгімесінде бір жұрттың бас әкімі

көшеде бір баймен сөйлесіп тұрып, қасынан өтіп бара жатқан жырлы мұжық бұған басын иіп сәлем бергенде, әлгі төре мұжықтан бетер иіліп оның сәлемін алады. Бұған таңғалған бай мәнісін сұрағанда: «Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба?» [7,53] – деген екен. Қазақта «Әдепті әдепсізден үйрендім» деген сөз бар, сондай-ақ қарапайым өмір ағымында кез келген істе көмек қолын созған, жылы сөзі мен ыстық ықыласын жолдаған жанға ұстазындай құрмет көрсет деген де тәмсіл бар. Мұндай шығарманы оқыта отырып оқушыларға қарым-қатынас мәдениеті мен сыйластық пен татулықтың, адамгершіліктің биік үлгісін насихаттаймыз.

Ы.Алтынсариннің тағы бір тәлімі мол шығармасы – «Қанағат» деп аталады. Мұнда бір жұт (еврей) келіп Өзірет Өліден толық байлық қайтсе табылады деп сұрағанда: «Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады, соның үшін байлық – қанағатта» [7,54], – деген екен. Мұнда тек дүние байлығы туралы айтылып тұрған жоқ, кез келген жетістікке, табысқа жету үшін қолыңда барды қадірлеп, азға қанағат ете білу керек. Білім алуда да ізденісінді дамытып, алғаныңды бойыңа сіңіріп, қорытып, өміріңе пайдалана білсең, үлкен ілім иесіне айналасың.

Байқап қарасақ, ұлттық тәрбиенің дәнін егіп, нәрін сіңіретін қарапайым аңыз-әңгімелер, қисса-жырлар өз қызметін сәтті атқарып, адамзат өресінің өрісін танытады екен. Жас бала мән беріп тыңдамаса да, зейін салып ұқпаса да, санасына егілген дән көктеп өсіп, болашақта өз жемісін берген. Өсіресе, ертегі-аңыздардағы ғажайып оқиғалар баланы қызықтырып, қиялын қанаттандырады. Балаға беймәлім ғайып әлемге самғатып, өткен шақтың елесімен елеусіз ғана болашаққа жалғап жібереді. Ата-бабадан келе жатқан тарихи тізбекке жалғастырып, адамзат дамуының бір бөлшегі ретінде тұлғалық қалыптасуына негіз болады. Өзіндік менін қалыптастырып, шырғалаңы мол өмір соқпағынан адаспай жол табуға жетелейді. Ата-ананың, Отанның, бауырдың қадірін түсіндіріп, өмірдің мәнін ұқтырады. Мәнсіздік пен қуыс кеуделіктен сақтап, рухани бостыққа жұтылып, алғаш кездескен қиындықтан жеңіліп өзін тастап жіберуден құтқарады. Әр нәрсеге байыппен ой жіберіп, тағдыр ұсынған сансыз ситуациялардан мән суырып, әрбір таңдауын ойланып жасап, кеудесін құндылыққа толтыруды үйретеді. Бір қарағанда қисса-жырлар, ертегі-аңыздар елеусіз әңгімелер болып көрінуі мүмкін, бірақ жас баланың санасына дер кезінде сіңірілген мұндай рухани құндылықтар маман-психолог та шеше алмайтын жасөспірім бойындағы кейбір проблемаларды түбірімен жойып жібере алады. Себебі адам рухани болмыс, ешкімге ұқсамайтын дара тұлға болғандықтан оған рух тілінде үн қату, ежелгі мәтіндермен сөйлеу өзінің оң нәтижесін берері анық.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»** / Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 1 қыркүйек, 2020 жыл.
2. **Момышұлы Б.** «Ұшқан Ұя. Повесть, әңгіме, нақылдар» / Алматы: Атамұра, 2003. 240 б.
3. **«Әлдиден эпосқа дейін. Отбасы хрестоматиясы»** / Б.Болайұлы, С.Керімбай, Ө.Нәби, М.Төлеген / Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2015. 392 бет.
4. **Ақпарат дереккөзі:** <https://massaget.kz/blogs/27087/>
5. **Тәжібаев Ө.** «Үш томдық шығармалар жинағы» / Ө.Тәжібаев / Алматы: Ана тілі, 2009. 272б.
6. **Мұқан Ш.** «Тәрбие. Оқуға тиіс 10 кітап: Мазмұндама» / Ш.Мұқан / Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. 176 б.
7. **Алтынсарин Ы.** «Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар» / Алматы: Атамұра, 2014. 168 бет.

ӨОЖ 37.037

#### СПОРТ МЕКТЕБІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Сарыбай А.М.** – «7М03104 – Психология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

**Жуматаева Е.** – педагогика ғылымдарының докторы, «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мақалада «шығармашылық», «шығармашылық қабілет» ұғымдарына контент-талдау жасалынды. Торрент бойынша шығармашылық қабілеттердің құрылымы анықталды. Спорт мектебі тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктері қарастырылды. Осы салада зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылған.

Түйін сөздер: шығармашылық, қабілет, тәрбиеленуші, спорт мектебі, тұлға.